

**Тақырыбы:** «Бірдей затты тап»

**Бағдарламалық мазмұны:**

**Үйретушілік:** Белгі бойынша суреттеуді үйрету, затты берілген белгілер бойынша тану.

**Дамытушылық:** Балалардың ақылын, тапқырлығын, зеректігін дамыту.

**Тәрбиелік:** Ынтаға, білімпаздыққа тәрбиелеу.

**Мотивациялық- қозғаушылық**

Жылулық шеңбері “Табиғатқа құштарлық”

Армысың, асыл күн!

Армысың, көк аспан!

Армысың, жер - ана!

Армысың, кең дала!

Жылуыма жылу қос,

Міне, менің қос қолым!

**Ұйымдастыру – іздестіру**

1. «Қара да ата» ойындық жаттығу.

2. Өлең.

3. «Белгісі бойынша затты таны» ойындық жаттығу.

4. «Ұқсасы, айырмашылығы қандай?» ойындық жаттығу.

5. «Сұрақ - жауап» ойындық жаттығу.

6. «Суретті жалғастыр» ойындық жаттығу.

7. «Не артық?» ойыны.

Сергіту сәті:

Біз кішкентай баламыз,

Өсіп-өніп толамыз,

Көкке қарап, талпынып,

Күнге қолды созамыз.

Қанат қағып ұшамыз,

Қарлығаштай қалықтап,

Бір отырып, бір тұрып,

Бір тынығып алайық.

**Рефлексиялық – түзетушілік**

Белгі бойынша суреттеуді үйренді, затты берілген белгілер бойынша тани алады.

Балалардың ақылы, тапқырлығы, зеректігі дамыды.

Ынтаға, білімпаздыққа деген ниеттері артылды. Белгісі бойынша заттарды таниды. Заттардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын біледі.

**Тақырыбы:** «Белгісінен таны»

**Бағдарламалық мазмұны:**

**Үйретушілік:** Берілген белгілер бойынша тану.  
әртүрлі және бірдей қасиетін анықтау.

**Дамытушылық:** Балалардың есте сақтауын, тапқырлығын, зеректігін, зейінді болуды дамыту.

**Тәрбиелік:** Көп қызықты білу талабын тәрбиелеу.

**Мотивациялық- қозғаушылық**

Жылулық шеңбері “Табиғат қандай тамаша”

Табиғатым тамаша

Көз тоймайды қараса.

Табиғатты аялап,

Жүрейікші жараса.

Сәлем саған Жер ана!

Сәлем саған нұрлы күн!

Аман – есен болайық

Табиғатты қорғайық.

**Ұйымдастыру – іздестіру**

1. Өлеңді қайталау.
2. Сұқбат (жалғастыру).
3. «Айды ата» ойындық жаттығу.
4. «Бір сөзбен ата» ойындық жаттығу.
5. «Төртіншісі артық» ойыны.
6. «Екі бірдей затты тап» ойындық жаттығу.
7. «Басқаға ұқсамайтын затты тап» ойындық жаттығу.
8. «5 айырмашылықты тап» ойындық жаттығу.

Сергіту сәті:

Ал балалар келіңдер

Орнымыздан тұрайық

Оң қолымда бес саусақ,

Сол қолымда бес саусақ

Қосып едім екеуін,

Болып шықты он саусақ.

Топ-топ басайық

Бір отырып, бір тұрып

Біз жаттығу жасайық.

**Рефлексиялық – түзетушілік**

Берілген белгілер бойынша таниды. Әртүрлі және бірдей қасиетін анықтай алады. Балалардың есте сақтауы, тапқырлығы, зеректігі, зейіндері дамыды. Заттардың айырмашылықтарын таба алады.

**Тақырыбы:** «Қасиетін анықта»

**Бағдарламалық мазмұны:**

**Үйретушілік:** Затты белгісі бойынша суреттеуді, затты берілген белгілер бойынша тануға, заттың әртүрлі және бірдей қасиетін анықтауға үйрету;

**Дамытушылық:** Зейінділікті, жігерлікті дамыту.

**Тәрбиелік:** Өзара қарым-қатынасты, жолдастарына құрметпен қарауды тәрбиелеу

**Мотивациялық- қозғаушылық**

Жылулық шеңбері “Қуанышты күн”

Қуан, шаттан!

Алақай!

Қуанатын күн бүгін.

Қайырлы таң!

Қайырлы күн!

Күліп шықты күн бүгін!

**Ұйымдастыру – іздестіру**

1. «Ағаштар туралы өлеңдер» ойындық жаттығу.
2. «Геометриялық лото» ойыны.
3. «Сопақ формадағы затты ата» ойындық жаттығу.
4. «Шешімін тап» ойындық жаттығу.
5. «Затты тап» ойындық жаттығу.
6. «Не артық?» ойыны.
7. «Бір сөзбен ата» ойындық жаттығу.

Сергіту сәті:

Қоян отыр орманда

Осылай, осылай!

Қоян отыр орманда

Қарап отыр жан-жаққа

Осылай, осылай!

Қарап отыр жан-жаққа

Қоян кетті қонаққа

Секіріп, секіріп!

Қоян кетті орманға

Шақыруға қонаққа!

(Қолдарын басына қойып,  
қоянның құлағын келтіріп,  
отыру)

(жан-жаққа қарап, басты бұрау)

(секіріп, бөлмеде жүру)

(бір-бірін шақырады)

**Рефлексиялық – түзетушілік**

Балалар затты белгісі бойынша суреттеуді, затты берілген белгілер бойынша тануға, заттың әртүрлі және бірдей қасиетін анықтауды біледі.

Зейінділікті, жігерліктері дамыды.

Өзара қарым-қатынасты, жолдастарына құрметпен қарайды.

**Тақырыбы:** «Уақытты бағдарлау»

**Бағдарламалық мазмұны:**

**Үйретушілік:** Уақыттағы бағдарды бекіту: жыл мезгілі, ай, күн, заттардың формасын топтастыру дағдысын үйрету.

**Дамытушылық:** Зейінділікті, жігерлікті дамыту.

**Тәрбиелік:** Жаңа білімге деген талапты тәрбиелеу.

**Мотивациялық- қозғаушылық**

Жылулық шеңбері “Табиғат қандай тамаша”

Табиғатым тамаша

Көз тоймайды қараса.

Табиғатты аялап,

Жүрейікші жараса.

Сәлем саған Жер ана!

Сәлем саған нұрлы күн!

Аман – есен болайық

Табиғатты қорғайық.

**Ұйымдастыру – іздестіру**

1. Жыл мезгілі туралы сұқбат (күз, орман, саңырауқұлақтар).

2. Өлең жаттау.

3. «Не болады?» ойындық жаттығу.

4. «Затты берілген белгілер бойынша таны» ойындық жаттығу.

5. «Айырмашылығын тап» ойыны.

6. «Бірдей затты тап» ойыны.

Сергіту сәті:

Көжегім , тұршы,

Бетіңді жушы.

Айнаға қарашы,

Шашыңды тарашы,

Киіміңді киші,

Бақшаға қарай жүрші,

Орныға отыршы,

Сабағыңды оқышы.

**Рефлексиялық – түзетушілік**

Балалар уақыттағы бағдарды біледі. Жыл мезгілі, ай, күн, заттардың формасын топтастыру дағдысына дағдыланды. Зейінділік, жігерліктері арттып, жаңа білімге деген талаптары бар.

**Тақырыбы:** «Шешімін тап»

**Бағдарламалық мазмұны:**

**Үйретушілік:** Өмірде заттардың формасы, түсі, көлемі, функциясы бойынша бірінші топтастыру дағдысын үйрету.

**Дамытушылық:** Аңғарғыштықты, сөйлесуді, ақылды, зейінділікті, логикалық ойды дамыту.

**Тәрбиелік:** Шыдамдылықты, ынтаны, тыңдай білуді тәрбиелеу.

**Мотивациялық- қозғаушылық**

Жылулық шеңбері

Табиғатым тамаша

Көз тоймайды қараса.

Табиғатты аялап,

Жүрейікші жараса.

Сәлем саған Жер ана!

Сәлем саған нұрлы күн!

Аман – есен болайық

Табиғатты қорғайық.

**Ұйымдастыру – іздестіру**

1. «Геометриялық лото» ойыны.

2. «Затты тап» ойындық жаттығу.

3. « Айырмашылықты тап» ойыны.

4. «Затты суретте» ойындық жаттығу.

5. «Домалақ формадағы затты ата» ойындық жаттығу.

6. «Сұрақ-жауап» ойындық жаттығу.

7. «Қандай зат артық?» ойындық жаттығу.

Сергіту сәті: Оңға қарай түзу тұр,

Солға қарай түзу тұр,

Алға қарай бір адым,

Артқа қарай бір адым.

Жоғары – төмен қарайық.

Орнымызды табайық.

**Рефлексиялық – түзетушілік**

Балалар заттардың формасы, түсі, көлемі, функциясы бойынша бірінші топтастыруға дағдыланды. Аңғарғыштықты, сөйлесуді, ақылды, зейінділікті, логикалық ойлауды игерді. Заттардың айырмашылықтарын таба алады. Домалақ заттағы форманы тани алады. Шыдамдылықты, ынтаны, тыңдай біледі.

**Тақырыбы:** «Не артық?»

**Бағдарламалық мазмұны:**

**Үйретушілік:** Берілген топқа жатпайтын «артық» затты табу. Заттарды бір бірімен салыстыруға үйрету.

**Дамытушылық:** Балалардың есте сақтауын, логикалық ойды, тапқырлығын, зеректігін дамыту.

**Тәрбиелік:** Жігерлікті, ұстамдылықты, шыдамдылықты тәрбиелеу.

**Мотивациялық- қозғаушылық**

Жылулық шеңбері

Табиғатым тамаша

Көз тоймайды қараса.

Табиғатты аялап,

Жүрейікші жараса.

Сәлем саған Жер ана!

Сәлем саған нұрлы күн!

Аман – есен болайық

Табиғатты қорғайық.

**Ұйымдастыру – іздестіру**

1. «Өлең оқып бер» ойындық жаттығу.

2. «Оң қолыңды көрсет...» сергіту сәті.

3. «Қара да суретін сал» ойындық жаттығу.

4. «Не артық?» ойыны.

5. «Ұқсайтын фигураны тап» ойындық жаттығу.

6. «Айырмашылығын тап» ойындық жаттығу.

7. «Геометриялық лото» ойындық жаттығу.

8. «Есепті шығар» ойындық жаттығу.

Сергіту сәті: Оңға қарай түзу тұр,

Солға қарай түзу тұр,

Алға қарай бір адым,

Артқа қарай бір адым.

Жоғары – төмен қарайық.

Орнымызды табайық.

**Рефлексиялық – түзетушілік**

Берілген топқа жатпайтын «артық» затты таба алады. Заттарды бір бірімен салыстыруды үйренді. Балалардың есте сақтауын, логикалық ойды, тапқырлығын, зеректігі дамыды. Жігерлікті, ұстамдылықты, шыдамды болуды үйренді.

Белсене қатысқан балаларды мадақтау.

**Тақырыбы:** «Шешімін тап» ойындық жаттығуы

**Бағдарламалық мазмұны:**

**Үйретушілік:** Заттың бір немесе басқа топқа жатуын анықтауды, берілген топқа жатпайтын «артық» затты табуға үйрету.

**Дамытушылық:** Кеңістіктегі бағдарды бекіту: мекен (қала, көше, үй). Ойға сақтауды, қабылдауды, жұмбақты шешкен кезде, логикалық ойды, қолдың кішірек моторикасын дамыту.

**Тәрбиелік:** Жаңа білімге деген талапты тәрбиелеу.

**Мотивациялық- қозғаушылық**

Жылулық шеңбері “Табиғатқа құштарлық”

Армысың, асыл күн!

Армысың, көк аспан!

Армысың, жер - ана!

Армысың, кең дала!

Жылуыма жылу қос,

Міне, менің қос қолым!

**Ұйымдастыру – іздестіру**

1. Жаңылтпаштарды жаттау.

2. «Геометриялық лото» ойыны.

3. «Шешімін тап» ойындық жаттығу.

4. «Не артық?» ойыны.

5. « Айырмашылықты тап» ойындық жаттығу.

6. «Не тығылды?» ойындық жаттығу.

7. «Толқын бойынша кемеңіз жолын жалғастыр» ойындық жаттығу.

Сергіту сәті:

Оңға қарай түзу тұр,

Солға қарай түзу тұр,

Алға қарай бір адым,

Артқа қарай бір адым.

Жоғары – төмен қарайық.

Орнымызды табайық.

**Рефлексиялық – түзетушілік**

Заттың бір немесе басқа топқа жатуын анықтауды үйренді; берілген топқа жатпайтын «артық» затты табуды біледі.

Ойға сақтауды, қабылдауды, жұмбақты шешкен кезде, логикалық ойды, қолдың кішірек моторикасын дамытты. Кеңістіктегі бағдарды бекіту: мекен (қала, көше, үй).

**Тақырыбы:** «Домалақ формадағы затты ата» ойындық жаттығуы

**Бағдарламалық мазмұны:**

**Үйретушілік:** Заттың әр түрлі және бірдей қасиетін анықтау. Заттарды формасы, түсі, көлемі бойынша бірінші сұрыптау дағдысын үйрету.

**Дамытушылық:** Зейінді болуды жалғастыру.

Аңғарғыштықты, сөйлесуді, ақылды, зейінділікті, логикалық ойды дамыту.

**Тәрбиелік:** Шыдамдылықты, ынтаны тәрбиелеу.

**Мотивациялық- қозғаушылық**

Жылулық шеңбері “Табиғатқа құштарлық”

Армысың, асыл күн!

Армысың, көк аспан!

Армысың, жер - ана!

Армысың, кең дала!

Жылуыма жылу қос,

Міне, менің қос қолым!

**Ұйымдастыру – іздестіру**

1. «Геометриялық лото» ойыны.

2. «Затты тап» ойындық жаттығу.

3. « Айырмашылықты тап» ойыны.

4. «Затты суретте» ойындық жаттығу.

5. «Домалақ формадағы затты ата» ойындық жаттығу.

6. «Сұрақ-жауап» ойындық жаттығу.

7. «Қандай зат артық?» ойындық жаттығу.

Сергіту сәті:

Жалғыз саусақ тіпті де

Ұстай алмас жіпті де

Екі саусақ бірікті

Ине қолға ілікті.

Үш саусағым орамды,

Жүгіртеді қаламды.

Өнерлі екен оң саусақ,

Қала салсақ жол салсақ.

**Рефлексиялық – түзетушілік**

Заттың әр түрлі және бірдей қасиетін анықтау. Заттарды формасы, түсі, көлемі бойынша бірінші сұрыптау дағдысын үйренді. Зейінді болуды, аңғарғыштықты, сөйлесуді, ақылды, зейінділікті, логикалық ойларын дамытты.

**Тақырыбы:** «Есте сақта»

**Бағдарламалық мазмұны:**

**Үйретушілік:** Жеке тәжірибе және білімге сүйене отырып, жұмбақтарды шешуді, затты және құбылысты суреттеме бойынша тануды үйрету.

**Дамытушылық:** Балалардың есте сақтауын, тапқырлығын, зеректігін дамыту.

**Тәрбиелік:** Білімпаздықты және ынтаны тәрбиелеу.

**Мотивациялық- қозғаушылық**

Жылулық шеңбері

«Амансың ба, алтын күн!»

Амансыз ба алтын күн,

Жарқыраған жарқын күн.

Маған мейірім мен шуақ бер,

Қуаныш пен бақыт бер.

**Ұйымдастыру – іздестіру**

-Балалар, біз есте сақтау қабілетімізді арттыру үшін не істеуіміз керек?

Балалардың жауабынан кейін тәрбиешінің әңгімесі.

Баланың дамуы үшін есте сақтау мен ойлау қабілетінің мәні өте зор. Бұлардың бәрі сөз бен сөйлей әрекеті ойлау, есте сақтау қабілеттерімен тығыз байланысты.

Жұмбақтар шешеді.

Үсті толы ине,

Бірақ та іс тігіп,

Қадамайды түйме. (кірпі)

Бұтақтарға секіріп,

Әр жерден қылт етеді.

Кейде жаңғақ кеміріп,

Жоғары өрлеп кетеді (тиін)

Сергіту сәті: Ұзын мұртты құмырсқа,

Келе жатты жұмысқа,

Допты көрді жолынан

Допты алды қолына

Үлкен тау деп ойлады.

«Жануарлардың төлдерін ата» ойыны.

**Рефлексиялық – түзетушілік**

Балалармен бүгінгі тақырып бойынша әңгімелесу.

-Балалар, сендер бүгін не жайлы білдіңдер. Сендер өткен тақырып бойынша есте сақтап қалғандарыңды ойларыңа түсірдіңдер. Балалардың өз ойларың айтқызу.

-Балалар, сендер бүгін көптеген түсініктерді игердіңдер. Сендер сөздерді еркін сөйлеуді, өз ойларыңа түскендерің толық жеткізу.

Белсенді балаларды ерекше мадақтау.

**Тақырыбы:** «Сурет қандай геометриялық фигурадан тұрады»

**Бағдарламалық мазмұны:**

**Үйретушілік:** Заттардың белгілерін суреттеуді үйрету; заттарды бір бірімен салыстыру; заттардың формасы, түсі, көлемі бойынша топтастыру дағдысын үйретуді жалғастыру.

**Дамытушылық:** Балалардың есте сақтауын, тапқырлығын, зеректігін дамыту. Кеңістіктегі бағдарды бекіту: мекен (қала, көше, үй).

**Тәрбиелік:** Үлгіні тәрбиелеу.

**Мотивациялық- қозғаушылық**

Жылулық шеңбері

«Амансың ба, алтын күн!»

Амансыз ба алтын күн,

Жарқыраған жарқын күн.

Маған мейірім мен шуақ бер,

Қуаныш пен бақыт бер.

**Ұйымдастыру – іздестіру**

-Балалар, біз қандай геометриялық пішіндерді білеміз?

-Дөңгелек, тіктөртбұрыш, үшбұрыш.

Тәрбиеші.

Балалар осы геометриялық пішіндерден қандай суреттер құрауға болады?

Ал мына суреттер қандай геометриялық пішіндерден құралған?

Сергіту сәті: Аяқты алға созайық

Тік көтеріп, қозғайық.

Тым сылбыр да болмайық

Алға қарай озбайық.

Бір, екі, үші, бір, екі, үш.

«Геометриялық пішіндер» ойыны.

**Рефлексиялық – түзетушілік**

Балалармен геометриялық пішіндер бойынша әңгімелесу.

-Балалар, сендер бүгін не жайлы білдіңдер?

Сендер бүгін геометриялық пішіндердің түрлерін білдіңдер?

Балалардың өз ойларын айтқызу.

-Балалар, геометриялық пішіндерден қандай заттар құрауға болатының білдіңдер, көптеген түсініктерді игердіңдер. Заттарды белгілерін суреттеуді, заттардың формасын ажыратуды, көлемі бойынша топтастыруды, кеңістікті бағдарлай алады.

Белсенді балаларды ерекше мадақтау.

**Тақырыбы:** «Сұрақ-жауап»

**Бағдарламалық мазмұны:**

**Үйретушілік:** Реттік және теріс санауды бекіту. Топтастыруды жаттықтыру. Заттарды әр түрлі белгілері бойынша мақсатты түрде еске сақтауын үйрету.

**Дамытушылық:** Есте сақтауын, қабылдауын, жұмбақты шешкен кезде логикалық шешім табуды дамыту.

**Тәрбиелік:** Көп қызықты білуге талапты тәрбиелеу.

**Мотивациялық- қозғаушылық**

Жылулық шеңбер

Көк аспанда күн күлсін,

Бірге күлсін бүлдіршін.

Ұл қолында ту жүрсін!

Қыз қолында гүл жүрсін!

Бірге күлсін бүлдіршін.

**Ұйымдастыру – іздестіру**

Балалармен онға дейін ретімен және кері санауды бекіту. Заттарды санап топтастыру. Жұмбақтар шешкізу. Заттарды әр түрлі белгілері бойынша топтастырып, салыстыру. Көршілес сандарды табу.

Сергіту сәті: Еркін ұста денеңді,

Тарсылдатпай еденді

Орнымыздан тұрып ап

Жүгірейік бір уақ.

Бір, екі, үш, бір, екі, үш.

Аяқты алға созайық

Тік көтеріп, қозғайық.

Тым сылбыр да болмайық

Алға қарай озбайық.

Бір, екі, үші, бір, екі, үш.

Ойын: «Көршісін тап»

1-10-ға дейін тура санау.

2 тапсырма: 10-нан 1-ге дейін кері санау.

3 тапсырма: 1-10 бір сан қалдырып санау.

Жұмбақ

Сәуледе бір алма,

екі жарты алма,

барлығы қанша алма?

**Рефлексиялық – түзетушілік**

Балалар реттік санауды, тура және кері санауды біледі. Жұмбақтарды шеше алады. Заттарды әртүрлі белгілері бойынша топтастыра алады. Заттарға келесі бір затты қосып санай алады. Жұмбақтарды шешуді біледі. Логикалық жұмбақтарды шеше алады. Заттарды топтастыруды біледі.

**Тақырыбы:** «Заттарды бір сөзбен ата»

**Бағдарламалық мазмұны:**

**Үйретушілік:** Әр түрлі белгі бойынша заттардың топтастыруын жаттықтыру. Заттың бір немесе басқа топқа жататынын анықтау. Балаларды мақсатты түрде еске сақтауын үйрету.

**Дамытушылық:** Сөйлеуді, есте сақтауды дамыту.

**Тәрбиелік:** Үлгіні тәрбиелеу.

**Мотивациялық- қозғаушылық**

Жылулық шеңбер

Біздің топта ұл – қыздар

Тату – тәтті ойнаймыз

Айналаға бар адамға

Тек мейірім сыйлаймын.

**Ұйымдастыру – іздестіру**

Балалар біз бүгін сендермен әр түрлі белгілері бойынша заттарды топтастырып жаттықтырамыз. Заттардың бір немесе басқа топқа жататынын анықтаймыз.

Тәрбиеші сөреге біртіндеп санай отырып, бір түстегі екі кішкентай текше және басқа түстегі үлкен бір текше қояды: «Мына текшелерді солдан оңға қарай, оңнан солға қарай санандар. Бұл ойыншықтар туралы не айта аласындар?»

Шаршы, үшбұрыш, дөңгелек - геометриялық пішіндермен жұмыс. Содан соң балалар геометриялық пішіндерді салыстырады.

суреттің көмегімен түрлі белгілері бойынша (ұзындығы, түсі, пішіні) әр топтағы сурет салыстырылады және нәтижесі мына сөздермен айтылады: түсі, мөлшері, биіктігі, ені бойынша бірдей немесе әртүрлі. «Хайуанаттар бағында жөндеу жұмысы жүргізіледі. Сырлаушылар торды сырлады. Енді аңдарды өз торларына орналастыру керек. Түлкіні қай торға орналастырамыз? Неге? Түлкі мен оның торын көрсет т.б.»

Сергіту сәті:

Орманда кірпі келеді,

Саңырауқұлақ тереді.

Кездесті, міне, керегі:

Екеуі қайың астынан.

Біреуі терек қасынан.

Қанша олар болмақ есепте,

Тоқылған салса себетке?

Ойын: “Қандай белгілері бірдей”

**Рефлексиялық – түзетушілік**

Балалар әр түрлі белгі бойынша заттарды топтастыра алады. Заттардың бір немесе басқа топқа жататынын айта алады. Пішіндеріне, көлеміне, ұзындығына қарай салыстыруды біледі.

**Тақырыбы:** «Санамақты жатта»

**Бағдарламалық мазмұны:**

**Үйретушілік:** Мақсатты есте сақтай отырып санамақтарды жаттауға үйрету.

**Дамытушылық:** Есте сақтауын, қабылдауын, жұмбақты шешкен кезде логикалық шешім табуды дамыту.

**Тәрбиелік:** Көп қызықты білуге талапты тәрбиелеу.

**Мотивациялық- қозғаушылық**

Ш. Шұғаевтің «Санамақ» өлеңін оқу, жаттау.

Бас бармағым – ағасы,

Балаң үйрек – нағашы.

Ортан терек – атасы,

Шылдыр шүмек – анасы.

Шынашағым- қарлығаш.

Барлығына қарындас.

Бесеуіде бауырлас,

Ағайын, дос, бауырлас!

**Ұйымдастыру – іздестіру**

Балаларға мақсатты есте сақтай отырып, санамақтарды жаттату.

Санамақ

Бір дегенім-бесік,

Шықтың содан өсіп.

Екі дегенім-елім,

Далам, тауым, көгім.

Үш дегенім-үміт,

Үміт артар жігіт.

Төрт дегенім-төзім,

Төзе білем өзім.

Бес дегенім-бақыт,

Бағалайтын уақыт.

Сергіту сәті:

Иіліп оңға бір, иіліп, солға бір.

Жаттығу жасаймын.

Оң аяқ, сол аяқ, оң аяқ , сол аяқ

Жаттығу оңай-ақ.

Ойын: «Адасқан сандар» Сандарды өз орындарына ретімен қою.

**Рефлексиялық – түзетушілік**

Балалар санамақты жаттай алады. Мағынасын түсініп ретімен санауды меңгерді.

Ойлау, көріп - тану, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыды. Тіл байлықтарын және сөздік қорларын байыды. Тапқырлыққа, ептілікке, жылдамдыққа, ойларын тез жинақтауды дағдыланды.

**Тақырыбы:** «Ойлан да жауап бер»

**Бағдарламалық мазмұны:**

**Үйретушілік:** Қос заттар туралы түсінікті қалыптастыру. Жеке тәжірибе және білімге сүйене отырып, жұмбақтарды шешуді, өлеңнің мәтінін мақсатты есте сақтауды үйрету.

**Дамытушылық:** Логикалық және бейнелік ойлауды, есте сақтауды, елесті, қиялды дамыту.

**Тәрбиелік:** Көп қызықты білу талабын тәрбиелеу.

**Мотивациялық- қозғаушылық**

Жылулық шеңбер

Арайлап таң атты!

Алтын сәулет таратты!

Жарқырайды күніміз,

Жайнай түсті даламыз.

Қайырлы таң балалар!

Қайырлы таң апайлар!

**Ұйымдастыру – іздестіру**

Балаларға қос заттар туралы түсінік беру. Жұмбақтар шешуді, өлеңнің мәтінін түсінуді меңгерту.

Ойын: “Бірдей екі құлынды тап”

“Бірдей екі қозыны тап”

Сергіту сәті:

Өсеміз біз күліп-ойнап,

Он саусақтың саласындай,

Өсеміз біз күліп-ойнап,

Бір адамның баласындай.

Жұмбақтар шешу.

Тындырып адам жұмысын,

Тазартып үйдің жуды ішін.

Кейде дауыл соғады,

Кейде ішіне сорады. (шаңсорғыш)

Бөлмеде үш ит, екі құс, бір шыбын бар.

Барлығы нешеу?

Ағашта бес құс отырған еді,

Үшеуі кетті ұшып,

Сонда қалды нешеу. (екеу)

**Рефлексиялық – түзетушілік**

Балалар қос заттарды белгісіне қарай ажыратып таба алады. Жұмбақтарды шешеді. Бір-біріне жұмбақ жасырып оларды шешуді игерді. Логикалық жұмбақтарды шеше алады.

**Тақырыбы:** «Есте сақта»

**Бағдарламалық мазмұны:**

**Үйретушілік:** Жеке тәжірибе және білімге сүйене отырып, жұмбақтарды шешуді, затты және құбылысты суреттеме бойынша тануды үйрету.

**Дамытушылық:** Балалардың есте сақтауын, тапқырлығын, зеректігін дамыту.

**Тәрбиелік:** Білімпаздықты және ынтаны тәрбиелеу.

**Мотивациялық- қозғаушылық**

Жылулық шеңбер

Бала, бала, баламыз,

Бақшамызға барамыз.

Күні бойы қызыққа,

Батамыз да қаламыз.

**Ұйымдастыру – іздестіру**

Балаларға жұмбақтарды шешуді, затты және құбылысты суреттеме бойынша тануды, есте сақтау қабілеттерін арттырып, тапқырлықтарын, зеректерін арттыру.

Сергіту сәті:

Сағаттың тіліндей,

Иіліп оңға бір,

Сағаттың тіліндей

Иіліп солға бір.

Оң аяқ, сол аяқ,

Жаттығу оңай-ақ.

Ойын: “Мына затты бейнеле”

Жұмбақтар

Жүйткіген дәу үйінді

Жүйрік деп, ел сүйінді:

Тас жолда жұртты тасып жүр,

Жылдамдыққа басып жүр. (автобус)

Темір сирақты

Үлкен жирафты

Жұмсап көр енді

Үй сап бер енді. (кран)

Бір көз бар көреген,

Бірақ жерді көрмейді.

Мен тұрған өреден

Аспанды көр,-дейді. (Телескоп)

**Рефлексиялық – түзетушілік**

Балалар жұмбақтарды жылдам және суреттеме бойынша таба алуды меңгерді.

Есте сақтау қабілеттері артып, тапқырлық, зеректік ойлары дамыды.

**Тақырыбы:** «Суреттеме бойынша затты тап»

**Бағдарламалық мазмұны:**

**Үйретушілік:** Логикалық тапсырмаларды тез және дәл шешуді, «оң» және «сол» категорияларын бекіту, суретте геометриялық форма мен затты белгілеуді үйрету.

**Дамытушылық:** Көргенін дәл жеткізуді, көзбен көретін есін, қолдың кішірек моторикасын дамыту.

**Тәрбиелік:** Ұжымда жұмыс жасауды, дұрыс шешім бірге қабылдауды тәрбиелеу

**Мотивациялық- қозғаушылық**

Жылулық шеңбер

Армысыз, қайырымды Аспан –Ата!

Армысыз, мейірімді Жер – АНа!

Армысз, шұғылалы Алтынкүн!

Қуанайық, шаттанаық бәріміз!

Күліп шықты күн бүгін!

**Ұйымдастыру – іздестіру**

Балалар логикалық тапсырмаларды тез және дәл шешу. Геометриялық пішіндер мен затты белгілеу.

Суреттердің орналасуы: жоғарғы қатарына – фасоль, алма, шәйнек, қораз, аққу, құмырсқа, күрек, қызғалдақ, ешкі, қасқыр, кітап, сәбіздің суреттерін қояды.

Төменгі жағына – горох, анар, кесе, әтеш, шағала, шегіртке, тырна, раушан, қой, картоп, дәптердің суреттерін қояды.

Балаларға жоғарғы қатардан сурет таңдап төменгі қатардан сол суреттің жұбын тауып топтастыру керек екенің түсіндіреді. Балалар кезекпен жұптарын тауып және неліктен олай ойлайтының айтады. Мысалы: фасоль суретіне мен горохтың суретін жұп қылып топтастырдым. Себебі екеуіде асқа жатады.

Сергіту сәті:

Шынығамыз, жастай біз,

Жаттығуды бастаймыз.

Бір, екі, үш, бір, екі, үш

Бойымызға жинап күш.

Шынығамыз, жастай біз,

Жаттығуды бастаймыз.

Ойын: “Кім жылдам”

**Рефлексиялық – түзетушілік**

Логикалық тапсырмаларды тез және жылдам шеше алады. Бірдей заттарды дәл тауып орнына қоя алады. Оң мен солды ажырата алады. Ұжымда бірігіп жұмыс жасауды, қойылған сұраққа толық жауап беруді үйренді.

**Тақырыбы:** «Қара да суретін сал»

**Бағдарламалық мазмұны:**

**Үйретушілік:** Ойын түрінде оңай есептердің шешуін табуды бекіту. Затты және құбылысты суреттеме бойынша тануды, шығармашылық ойлауды және қорытындылауды үйрету.

**Дамытушылық:** Есте сақтау бойынша сурет салуды жаттықтыру.

Балалардың есте сақтауын, тапқырлығын, зеректігін дамыту.

**Тәрбиелік:** Білімпаздықты және жаңаны тану қалауын тәрбиелеу.

**Мотивациялық- қозғаушылық**

Жылулық шеңбер

Бала, бала, балақан,

Қане, қайсы алақан.

Саусақтарың әйбәт,

Былай-былай ойнап.

Жаса, жаса алтын күн!

**Ұйымдастыру – іздестіру**

Ойын түрінде оңай есептерді шешу. Заттарды суреттеме бойынша табу. Есте сақтау бойынша сурет салғызу.

Ойланып, сөйлемді аяқта.

1.Өзен бұлақтан ұзын болса, онда бұлақ өзеннен қысқа.

2.Жол сүрлеуден кең болса, онда сүрлеу.....

3.Терек қайыңнан биік болса, онда қайың.....

4.Мамық тастан жеңіл болса, онда тас.....

Сергіту сәті:

Бір, екі – еңкей,

Бүгілмесін тізең.

Үш-төрт шалқай

Иілмесін тізең.

Қолды көтер аспанға

Саусақты сөз, жасқанба.

Ойын: “Мына құмыралардың суретін аяқта”

Ойланып есептерді шеш.

Ұяға дейін торғай ұшып жете ме, әлде жұлдызқұрт па?

Қарға қатты қарқылдай ма, әлде қант ауыр ма?

Килограмм мақта ауыр ма, әлде қант ауыр ма?

Жағаға дейін қаз тез жүзе ме, әлде әтеш пе?

**Рефлексиялық – түзетушілік**

Логикалық есептердің шешімін табуды біледі. Берілген суреттерді салады.

Тапқырлықтары, зейіндері артты. Шығармашылық ойларын қортындылауды игерді.

**Тақырыбы:** «Жаңылтпаштар» ойындық жаттығу

**Бағдарламалық мазмұны:**

**Үйретушілік:** Жаңылтпаштарды мақсатты есте сақтауды үйрету. Геометриялық фигураларды атауды, айырып тануды үйретуді жалғастыру, оларды суреттен табууды үйрету.

**Дамытушылық:** Логикалық және бейнелік ойлауды, есте сақтауды, елесті, қиялды дамыту.

**Тәрбиелік:** Оқуға деген тілегін, жан-жақты болуға тәрбиелеу.

**Мотивациялық-қозғаушылық**

Жылулық шеңбер

Бала, бала, балақан,

Қане, қайсы алақан.

Саусақтарың әйбәт,

Былай-былай ойнап.

Жаса, жаса алтын күн!

**Ұйымдастыру – іздестіру**

Жаңылтпаштарды жаттайды. Геометриялық пішіндерді естеріне түсірту. Оларды ажыратады.

М: Үшбұрыш, дөңгелек, тіктөртбұрыш, шаршы.

Жаңылтпаштарды тәрбиешімен бірге қайталау.

1. Бала бал арасын қуалады

Бал арасы баланы қуалады.

2. Әбдіреде әбігер әтеш отыр,

Әбігер әтеш отырған әбдірені

Әжем қолмен ашып отыр.

3. Есім есі кетіп есінеп отыр екен.

Ол несіне.

Есі кетіп есінеп отыр екен.

Сергіту сәті:

Оңға түзу тұр,

Солға түзу тұр.

Алға бір адым

Артқа бір адым.

Оңға бұрылып,

Солға үңіліп

Жоғары, төмен қарайық,

Орнымызды табайық.

**Рефлексиялық – түзетушілік**

Жаңылтпаштарды жаттап, жатқа айтуды білді. Шапшаңдыққа, тез ойлауға, ойларын жинақтап жылдам айтуды меңгерді.

**Тақырыбы:** «Суреттеме бойынша тап»

**Бағдарламалық мазмұны:**

**Үйретушілік:** Жеке тәжірибе және білімге сүйене отырып, жұмбақтарды шешуді үйрету.

**Дамытушылық:** Балалардың есте сақтауын, тапқырлығын, зеректігін дамыту.

Кеңістіктегі бағдарды бекіту: мекен (қала, көше, үй). аттар туралы түсінікті қалыптастыру.

**Тәрбиелік:** Ынтаны тәрбиелеу.

**Мотивациялық- қозғаушылық**

Жылулық шеңбер «Досыма тілек»

Қуанамын менде

Қуанасың сенде

Қуанамыз бәріміз

Арайлап атқан таңға.

**Ұйымдастыру – іздестіру**

Жұмбақтарды шешу. Тапқырлық зеректіктерін бақылау.

Кеңістікті бағдарлау.

Өздерінің қай қалада, қай көшеде тұрасыңдар?

Көшенің қай жерінде тұрасыңдар?

Сұрақтарға жауап береді.

Тапсырма

Оңға бағытталған меңзерді қызыл түспен, солға бағытталғанын көк түспен, жоғары бағытталғанын сары, төмен бағытталғанын жасыл түспен бояп көрсету.

Жұмбақ.

Далада алты балапан жүреді, оған екі балапан келіп қосылды.

Барлығы нешеу?

Сергіту сәті:

Қолдарыңды көтеріңдер – бір дейік.

Көп отырып, қатты шаршап жүрмейік.

Қолды создық, басты бұрдық – екі деп,

Қозғалыспен әрбір адам жетіледі.

Алға, артқа қарадық та – үш дедік.

Тағы жаңа жаттығулар істедік.

Түсірейік қолды төрт пен бесті айтып,

Отырайық көңілді енді марқайтып.

Ойын: “Өз орнынды тап ”

**Рефлексиялық – түзетушілік**

Кеңістікті бағдарлай алады. Жұмбақтарды жылдам шешуді, логикалық есептерді жылдам таба алады. Өздерінің тұратын мекендерін біледі.

**Тақырыбы:** «Суретті жалғастыр»

**Бағдарламалық мазмұны:**

**Үйретушілік:** Заттарды әр түрлі белгі бойынша топтастыруды жаттықтыру. Заттың бір немесе басқа анықтай отырып суретті жалғастырып салуға үйрету.

**Дамытушылық:** Көзбен көретін есін, қолдың кішірек моторикасын дамыту.

**Тәрбиелік:**

Білімпаздықты, шығармашылық шеберлікке тәрбиелеу.

**Мотивациялық- қозғаушылық**

Жылулық шеңбер

Бала, бала, баламыз,

Бақшамызға барамыз.

Күні бойы қызыққа,

Батамыз да қаламыз.

**Ұйымдастыру – іздестіру**

Балаларға заттарды әр түрлі белгі бойынша топтастырту.

Төмендегі пішіндердің ретін бұзбай, толықтырып салып бояу.

Ойын: “Бұл қай кезде болады?”

Суреттерді жыл мезгілдеріне қарай қойып жалғастыру.

Тәрбиеші.

Балалар мысықтарға құлақтарын, үйлерге терезе, тышқандарға құйрық салып, суреттерді толықтырындар.

Балалар тәрбиешінің таратқан таратпа қағаздарындағы суреттерін жалғастырады.

Сергіту сәті:

Шынығамыз, жастай біз,

Жаттығуды бастаймыз.

Бір, екі, үш, бір, екі, үш

Бойымызға жинап күш.

Шынығамыз, жастай біз,

Жаттығуды бастаймыз.

**Рефлексиялық – түзетушілік**

Балалар сендер бүгін нені игердіңдер?

Заттарды әр түрлі белгілері бойынша топтастыруды білді.

Затты бір немесе басқа да қасиеттерін анықтай отырып, суреттерді жалғастыруды меңгерді. Білімпаздық, шығармашылық қасиеттері артылды.

**Тақырыбы:** «Жалғастыр да ата»

**Бағдарламалық мазмұны:**

**Үйретушілік:** Өлеңнің мәтінін мақсатты есте сақтай отырып, өлең жолдарын жалғастыруға үйрету.

**Дамытушылық:** Ойға сақтауды, қабылдауды, логикалық ойды, тілдерін дамыту.

**Тәрбиелік:** Білімге деген талапты тәрбиелеу.

**Мотивациялық- қозғаушылық**

Жылулық шеңбер

Қуанамын менде

Қуанасың сенде

Қуанамыз бәріміз

Арайлап атқан таңға.

**Ұйымдастыру – іздестіру**

**Тәрбиеші**

Балалар біз сендермен бүгін білетін өлең жолдарымызды еске түсіреміз.

Мен сендерге өлең жолдарының басын бастаймын, ал сендер жалғастырып толықтырасыңдар.

Ш. Шұғаевтің «Санамақ» өлеңін жалғастыру.

Бас бармағым – .....,

Балаң үйрек – .....

Ортан терек – атасы,

..... – анасы.

.....- қарлығаш.

Барлығына қарындас.

Бесеуіде бауырлас,

Ағайын, дос, бауырлас!

Балалар осылай бір-біріне өлең жолдарының басын айтып, ары қарай жалғастыру.

Айгөлек ау, айгөлек,

Айдын жүзі дөңгелек.

.....

.....

Осы өлең жолдарын ары қарай жалғастырыңдар.

Сергіту сәті:

**Рефлексиялық – түзетушілік**

*Балалар* өлеңнің мәтінін мақсатты есте сақтай отырып, өлең жолдарын

жалғастыруды үйренді. Тілдерін, ойда сақтаулары, логикалық ойлаулары артып,

ойларын тиянақтап жеткізе алады.

**Тақырыбы:** «Жалғастыр да ата»

**Бағдарламалық мазмұны:**

**Үйретушілік:** Өлеңнің мәтінін мақсатты есте сақтай отырып, өлең жолдарын жалғастыруға үйрету.

**Дамытушылық:** Геометриялық фигураларды атауды және айырып тануды, логикалық және бейнелік ойлауды, есте сақтауды, елесті, қиялды дамыту.

**Тәрбиелік:** Жігерлікті, ұстамдылықты, шыдамдылықты тәрбиелеу.

**Мотивациялық- қозғаушылық**

Жылулық шеңбер

Бала, бала, баламыз,

Бақшамызға барамыз.

Күні бойы қызыққа,

Батамыз да қаламыз.

**Ұйымдастыру – іздестіру**

Білетін өлеңдерін айтқызып, ары қарай келесі балаға жалғастыру. Өлең мәтінін айтқызу.

Логикалық есептер шешейік.

Құста қанат бар-ал адам да (қол)

Ит те тұмсық бар-ал адам да (бет)

“Көңілді аңдар”

Танауы бар жалпиған,

Аяқтары талтиған.

Ақ па, әлде, қара ма?

Не деп ойлайсың балпиған. (торай)

Ұлпа жүнді қауырсын,

Сұр түске бедер салған кім?

Қату қабақ, бадырақ көз,

Ұйықтамай ұшар әрбір түн. (Үкі)

Сергіту сәті:

Біз балдырған баламыз,

Құстай қанат қағамыз.

Дүниені аралап,

Оқып білім аламыз.

Көзді салып қараңыз,

Былай қанат қағамыз.

**Рефлексиялық – түзетушілік**

Логикалық және бейнелік ойлауды меңгерді. Өлең жолдарын жалғастыра алады.

Жылдамдықтары, жігерліктері артылды.

Белсене қатысқан балаларды мадақтау.

**Тақырыбы:** «Қайтала да есіңе сақта»

**Бағдарламалық мазмұны:**

**Үйретушілік:** Логикалық тапсырмаларды тез және дәл шешуді, «оң» және «сол» ұғымдарын бекіту, суретте геометриялық форма мен затты белгілеуді үйрету.

**Дамытушылық:** Көргенін дәл жеткізуді, көзбен көретін есін, қолдың кішірек моторикасын дамыту.

**Тәрбиелік:** Ұжымда жұмыс жасауды, дұрыс шешім бірге қабылдауды тәрбиелеу.

**Мотивациялық- қозғаушылық**

Біз көңілді баламыз,  
шаттық әнге саламыз.

Би билеміз дөңгелеп,  
біз өнерлі боламыз.

Қонжықтың келуі.

**Ұйымдастыру – іздестіру**

Балалар, біз сендермен бүгін оң мен сол ұғымдарымен танысамыз. Сонымен қатар топтағы геометриялық пішіндегі заттарды қарастырамыз. Ендеше біз қонжыққа назар аударайық.

-Қонжықтың оң қолында не бар? (Балмұздақ).

-Сол қолында ше? (Алма).

-Балалар балмұздақ қандай пішінге келеді. (Дөңгелек)

-Ал, алма қандай пішінге ұқсайды? (Дөңгелек)

-Ал қонжықтың артында тұрған кітап сөресі ше (Тіктөртбұрыш)

-Иә, балалар кез келген затымыз қарап отырсақ бір формаға ұқсайды екен.

Сергіту сәті

Иіліп оңға бір, иіліп, солға бір.

Жаттығу жасаймын.

Оң аяқ, сол аяқ, оң аяқ, сол аяқ

Жаттығу оңай-ақ.

«Он жақ, сол жақ»

ойын – жаттығуы

Жол айрығында, тұрған бала,

Айыра алмады, оны мен солды.

Кенет оның ойына, қай қолымен жазғаны,

Доп лақтырып, аударғаны паракты,

Ұстағаны қасықты, еденді де жуғаны, түсе кетіп қуантты.

Тапты бала оның да, тапты бала солын да, Айқай салды «уралап».

Енді балалар оң қолы мен сол қолын көтеруге жаттықтырады.

**Рефлексиялық – түзетушілік**

Балалар оң мен сол қолын ажырата алады. Кез-келген затты қандай геометриялық пішінге ұқсайтының тауып айта алады.

Белсене қатысқан балаларды мадақтау.

**Тақырыбы:** «Қара да суретін сал»

**Бағдарламалық мазмұны:**

**Үйретушілік:** Затты және құбылысты суреттеме бойынша тануды, шығармашылық ойлауды және қорытындылауды, есте сақтау бойынша сурет салуды үйрету.

**Дамытушылық:** Балалардың есте сақтауын, тапқырлығын, зеректігін дамыту.

**Тәрбиелік:** Білімпаздықты және жаңаны тану қалауын тәрбиелеу.

**Мотивациялық-қозғаушылық**

Жылулық шеңбер «Досыма тілек»

Қуанамын менде

Қуанасың сенде

Қуанамыз бәріміз

Арайлап атқан таңға.

**Ұйымдастыру – іздестіру**

Балалар мен сендерге заттарды, құбылыстарды суреттеп, жұмбақтап қана көрсетеміз, ал сендер нақты жауабын айтасыңдар.

Аяғы жоқ жүреді,

Аузы жоқ сөйлейді,

Қашан ұйықтап, тұруды,

Қашан жұмысқа баруды,

Үйретеді бір өзі. (сағат)

Жаңбырда жауады,

Қар да ериді,

Жылы жақтан шуылдап

Құстар да келеді,

Бұл қай кезде болады. (Көктем)

Балалар өздеріне ұнайтын мезгілдің суретін салып шығыңдар.

Бір-бірлеріне көрсетіп қандай мезгіл екенін табыңдар?

Сергіту сәті:

Орманның біз емшісіміз

Тоқ, тоқ, тоқ (Партаны үш рет ұрады)

Құрт біткенді жоқ етеміз

Жоқ, жоқ, жоқ, (Қимыл көрсетеді)

Тоқ, тоқ, тоқ,

Жоқ, жоқ, жоқ.

**Рефлексиялық – түзетушілік**

Заттар мен құбылыстарды суреттеу бойынша танып біледі. Логикалық сұрақтарды жылдам шешуге, тапқырлықтары мен зеректіктерін дамытты.

Белсене қатысқан балаларды мадақтау.

**Тақырыбы:** «Несінен танимыз»

**Бағдарламалық мазмұны:**

**Үйретушілік:** Затты және құбылысты суреттеме бойынша тануды, үй құстары туралы білімді бекіту, оларды топтастыруды және санауды жаттықтыру.

**Дамытушылық:** Оқуға деген ұнамды қарым-қатынасты, логикалық және бейнелік ойлауды, есте сақтауды, елесті, қиялды дамыту.

**Тәрбиелік:** Жолдастарына деген мейірбанды қатынасты тәрбиелеу.

**Мотивациялық- қозғаушылық**

Бала, бала, баламыз,  
Бақшамызға барамыз.  
Күні бойы қызыққа,  
Батамыз да қаламыз.

**Ұйымдастыру – іздестіру**

Тәрбиеші:

-Аулаға бір тауық, төрт балапанымен кірді. Ал сыртта бір балапан қалып қойды.

Барлығы неше балапан? (Барлығы 5)

-Мына суреттің жоғарғы жағында 3қаз орналасқан, ал төменгі жағында 2 қаз орналасқан. Біз бұларды бір сөзбен топтап қалай атауға болады? (Қаздар)

-Кішкентай үйректің балапандарын тура және кері санап шығайық.

1-ден-10-ға дейін тура және кері санату.

Ойын: “Кім қайда өмір сүреді?”

Үй құстары мен дала құстарын ажырату.

Сергіту сәті:

Қолдарыңды көтеріңдер – бір дейік.

Көп отырып, қатты шаршап жүрмейік.

Қолды создық, басты бұрдық – екі деп,

Қозғалыспен әрбір адам жетіледі.

Алға, артқа қарадық та – үш дедік.

Тағы жаңа жаттығулар істедік.

Түсірейік қолды төрт пен бесті айтып,

Отырайық көңілді енді марқайтып.

Ойын: “Қалып қойған санды тап”

Араларында қалып қойған сандарды орнына қойып шығу.

**Рефлексиялық – түзетушілік**

Балалар ретімен онға дейін тура және кері санай алады. Үй құстарымен дала құстарын тани алады және атауын біледі. Қойылған сұраққа толық, тиянақты жауап бере алады.

**Тақырыбы:** «Жұмбақтарды шеш»

**Бағдарламалық мазмұны:**

**Үйретушілік:** Жеке тәжірибе және білімге сүйене отырып, жұмбақтарды шешуді үйрету, есептердің шешуін табуды бекіту.

**Дамытушылық:** Есте сақтауыншығармашылық ойлауды, сөйлеуін, ой өрісін дамыту.

**Тәрбиелік:** Ынтаны, білімпаздықты, ұқыптылықты тәрбиелеу.

**Мотивациялық- қозғаушылық**

Жылулық шеңбер «Досыма тілек»

Қуанамын менде

Қуанасың сенде

Қуанамыз бәріміз

Арайлап атқан таңға.

**Ұйымдастыру – іздестіру**

Балалар біз сендермен бүгін жұмбақтар шешіп жарысып көрейік.

Жаңылмастан жетеуі,

Кезек қызмет етеді.

(Аптаның 7 күні)

«Бәрі нешеу»

Асан ,Айша екеуі,

Қос қуыршақ,

Бір құлыншақ,

Екі ойыншық

Құстай ұшып,

Үйден шықты.

(Жетеу)

Дүкеннен көп сабын алдым,

Оның және қабын алдым.

Екі дептер бір қарындаш,

Тіс ысқышты тағы алдым.

Есептеші сонда бәрі

Қанша болды қолда бәрі?

(Алтау)

Сергіту сәті:

Бір, екі, үш

Бойға жинап күш.

Жаттығуды жасаймыз

Шынығуды бастаймыз.

**Рефлексиялық – түзетушілік**

Логикалық жұмбақтар мен есептерді шешуді біледі. Санау дағдылары қалыптасқан. Бір-біріне жұмбақ құрастыра алады.

Туысқан кісі бес кісі

Бірінен-бірі кішісі

Бәрінің аты бар

Ең кішісі шеткісі (Бес саусақ)

**Тақырыбы:** «Әңгімелеп бер»

**Бағдарламалық мазмұны:**

**Үйретушілік:** Берілген тақырып бойынша өз еркімен әңгімелеп беруді үйрету. Өз бетімен қортындылар жасай отыра, ойларын дұрыс жеткізуге себеп болу.

**Дамытушылық:** Есте сақтауын, сөйлеуін, ой өрісін дамыту.

**Тәрбиелік:** Ынтаны, білімпаздықты, ұқыптылықты тәрбиелеу.

**Мотивациялық- қозғаушылық**

Жылулық шеңбер

Арайлап таң атты,

Алтын сәуле таратты,

Жарқырайды қаламыз,

Жайнай түсті даламыз.

Қайырлы таң достарым!

**Ұйымдастыру – іздестіру**

Балалар бүгінгі тақырып “Ана”. Осы тақырып бойынша маған өз еріктерімен әңгімелеп бересіңдер. Ана біздің тірегіміз. Біз анамызбен қуанып, анамыз бен шаттанамыз. Ананы алақанымызда ұстап, оны аялап, өскенде анамызға қамқор болу біздің міндетіміз. Анамызды ешқашан ренжітпеуіміз керек. Ана туралы тағы қандай жақсы сөз білесіңдер?

Ата-ана туралы қандай мақал-мәтелдер білесіңдер?

Анаңды Меккеге үш рет апарсаң да, қарызын өтей алмайсын.

Анасына қарап қыз өсер, әкесіне қарап ұл өсер.

Ойын: Анаңды қалай еркелетесің?

Сергіту сәті:

Оңға қарай түзу тұр,

Солға қарай түзу тұр,

Алға қарай бір адым,

Артқа қарай бір адым.

Жоғары – төмен қарайық.

Орнымызды табайық.

**Рефлексиялық – түзетушілік**

Балалар өз еріктерімен әңгіме құрады. Өз аналарына деген сезімдерін, ішкі ойларын әңгімелеп ашық жеткізе алады. Ананы аялауды, ренжітпеуді, анаға қамқорлық жасауды біледі. Өз аналарын қалай еркелететіндерін айтып бір-бірімен ойларын бөлісті.

**Тақырыбы:** «Санап бер»

**Бағдарламалық мазмұны:**

**Үйретушілік:** Реттік және теріс санауды жаттықтыру. Ойын түрінде оңай есептердің шешуін табуды бекіту. Жұмбақты шешкен кезде логикалық шешім табуды үйрету.

**Дамытушылық:** Көзбен көретін есін, қолдың кішірек моторикасын дамыту.

**Тәрбиелік:** Білімпаздықты тәрбиелеу.

**Мотивациялық- қозғаушылық**

Жылулық шеңбер “Табиғат қандай тамаша”

Табиғатым тамаша

Көз тоймайды қараса.

Табиғатты аялап,

Жүрейікші жараса.

Сәлем саған Жер ана!

Сәлем саған нұрлы күн!

Аман – есен болайық

Табиғатты қорғайық.

**Ұйымдастыру – іздестіру**

Балалар сендер алдарында тұрған таяқшалардан он таяқша санап алыңдар. Бұл таяқшаларды тура және кері санап шығыңдар.

Ауызша есептер:

1 тапсырма: 1-10-ға дейін тура санау.

2 тапсырма: 10-нан 1-ге дейін кері санау.

3 тапсырма: 1-10 бір сан қалдырып санау.

4 тапсырма: 4 санының алдында қай сан тұр? (3).

5-тен кейін қай сан тұр? (6).

2 мен 4 ортасында қандай сан тұр? (3).

6 санының көршілері қай сандар? (5 және 7).

5 тапсырма: 4 қоян мектептен келе жатыр, кенет оларға аралар шабуыл жасайды.

2 қоян қашып әрең құтылды.

Қанша қоян қаша алмай қалды? (2)

Сергіту сәті:

Оң қолымда бес саусақ,

Сол қолымда бес саусақ

Бесті беске қосайық

Алақанды соғайық.

**Рефлексиялық – түзетушілік**

Балалар реттік және кері санауды біледі. Логикалық жұмбақтарды шеше алады. Белсене қатысқан балаларды мадақтау.

**Тақырыбы:** «Қасиеттерін анықта»

**Бағдарламалық мазмұны:**

**Үйретушілік:** Заттардың әр түрлі және бірдей қасиеттерін анықтауды, өмірде заттардың формасы, түсі, көлемі, функциясы бойынша бірінші топтастыру дағдысын үйрету.

**Дамытушылық:** Аңғарғышын, сөйлеуін, есте сақтауын, назарын, логикалық ойлауын дамыту.

**Тәрбиелік:** Білімпаздықты тәрбиелеу.

**Мотивациялық- қозғаушылық**

Жылулық шеңбер (Табиғатқа құштарлық)

Армысың, асыл күн!

Армысың, көк аспан!

Армысың, жер - ана!

Армысың, кең дала!

Жылуыма жылу қос,

Міне, менің қос қолым!

**Ұйымдастыру – іздестіру**

1. «Геометриялық лото» ойыны.

2. «Затты тап» ойындық жаттығу.

3. « Айырмашылықты тап» ойыны.

4. «Затты суретте» ойындық жаттығу.

5. «Домалақ формадағы затты ата» ойындық жаттығу.

6. «Сұрақ-жауап» ойындық жаттығу.

7. «Қандай зат артық?» ойындық жаттығу.

Сергіту сәті:

Жалғыз саусақ тіпті де

Ұстай алмас жіпті де

Екі саусақ бірікті

Ине қолға ілікті.

Үш саусағым орамды,

Жүгіртеді қаламды.

Өнерлі екен оң саусақ,

Қала салсақ жол салсақ.

**Рефлексиялық – түзетушілік**

Балалар заттардың әр түрлі және бірдей қасиеттерін анықтауды, өмірде заттардың формасы, түсі, көлемі, функциясы бойынша бірінші топтастыруды меңгерді.

Аңғарғышын, сөйлеуін, есте сақтауын, назарын, логикалық ойлаулары артып, білімпаздық қасиеттері дамыды.

Белсене қатысқан балаларға алғыс білдіру.

**Тақырыбы:** «Суретті жалғастыр»

**Бағдарламалық мазмұны:**

**Үйретушілік:** Нұсқаумен берілген қасиеттері мен сипаттарын есте сақтай отырып суретті жалғастырып салуға үйрету.

**Дамытушылық:** Балалардың есте сақтау қабылеттері мен ұсақ қол моторикасын дамыту.

**Тәрбиелік:** Шығармашылыққа деген қызығушылықтарын тәрбиелеу.

**Мотивациялық- қозғаушылық**

Жылулық шеңбер “Табиғат қандай тамаша”

Табиғатым тамаша

Көз тоймайды қараса.

Табиғатты аялап,

Жүрейікші жараса.

Сәлем саған Жер ана!

Сәлем саған нұрлы күн!

Аман – есен болайық

Табиғатты қорғайық

**Ұйымдастыру – іздестіру**

1. «Өтірік» ойындық жаттығу.
2. «Нелері ұқсайды, айтып бер» ойындық жаттығу.
3. «Суретті жалғастыр» ойындық жаттығу.
4. «Бір сөзбен ата» ойындық жаттығу.
5. «Есепті шығар» ойындық жаттығу.
6. «Не артық?» ойыны.

Сергіту сәті:

Мен мықты баламын

Оң аяқтан тұрамын,

Сол аяқта тұрамын.

Керек болса сіздерге

Екі қолда тұрамын!

(кезекпен оң, сол  
аяқтармен тұру)

**Рефлексиялық – түзетушілік**

Балалар нұсқаумен берілген қасиеттері мен сипаттарын есте сақтай отырып суретті салады. Ойындарды қызығушылықпен орындайды. Есте сақтау қабілеттері артып , ұсақ қол моторикасы дамыды.

**Тақырыбы:** «Есімдерді ата»

**Бағдарламалық мазмұны:**

**Үйретушілік:** Балаларға аталған әріптерден басталатын ұл және қыз балалардың есімдерін атап айтуға үйрету.

**Дамытушылық:** Балалардың есте сақтауын, тапқырлығын, зеректігін дамыту.

**Тәрбиелік:** Іс-әрекетте белсенділікке, өзара сыйластық сезімдеріне тәрбиелеу.

**Мотивациялық- қозғаушылық**

Жылулық шеңбер «Табиғатқа құштарлық»

Армысың, асыл күн!

Армысың, көк аспан!

Армысың, жер - ана!

Армысың, кең дала!

Жылуыма жылу қос,

Міне, менің қос қолым!

**Ұйымдастыру – іздестіру**

Есіңе сақта, ретімен айт». Сөздер оқылады. Балалар сөздерді мұқият тыңдап, еске сақтауға тырысу керек.

Есік, терек, пальто, шаңсорғыш, сызғыш, банан, шымшық, Марс, Семей, қызғалдақ, тұман, кірпі.

Енді естіген сөздерін мынадай ретпен айту ұсынылады:

1) киім

2) аң

3) үй бөлігі

4) гүл

5) планета

6) тұрмыстық техника

7) құс

8) оқу құралы

9) қала

10) жеміс

11) табиғи құбылыс

Сергіту сәті:

Көжегім , тұршы,

Бетіңді жушы.

Айнаға қарашы,

Шашыңды тарашы,

**Рефлексиялық – түзетушілік**

Балалар айтылған есімдерді естерінде сақтап айта алады. Заттарды ажыратуды біледі.

**Тақырыбы:** «Қара да суретін сал»

**Бағдарламалық мазмұны:**

**Үйретушілік:** Затты және құбылысты суреттеме бойынша танудап, шығармашылық ойлауды және қорытындылауды және есте сақтау бойынша сурет салуды жаттықтыру.

**Дамытушылық:** Балалардың есте сақтауын, тапқырлығын, зеректігін дамыту.

**Тәрбиелік:** Білімпаздықты және жаңаны тану қалауын тәрбиелеу.

**Мотивациялық- қозғаушылық**

Жылулық шеңбер «Досыма тілек»

Қуанамын менде

Қуанасың сенде

Қуанамыз бәріміз

Арайлап атқан таңға.

**Ұйымдастыру – іздестіру**

1. Өлеңді қайталау.

2. Сұқбат (жалғастыру).

3. «Айды ата» ойындық жаттығу.

4. «Бір сөзбен ата» ойындық жаттығу.

5. «Төртіншісі артық» ойыны.

6. «Екі бірдей затты тап» ойындық жаттығу.

7. «Басқаға ұқсамайтын затты тап» ойындық жаттығу.

8. «5 айырмашылықты тап» ойындық жаттығу.

Сергіту сәті:

Отырайық, тұрайық, ал, балалар, бір ауық,

Әріп сырын ұғалық, «А» - дегенде отырып,

«Б» - дегенде тұралық.

«А» ... .. «Б» ... .. «А» ... .. «Б» ... ..

Отырып тұр тағы да.

«А» .десе, отыр,

Тосылып қалма, осыны ұқ!

Қайталайық тағы да, барлығымыз қосылып:

«А» ... .. «Б» ... .. «А» ... .. «Б» ... ..

Отырып, тұр тағы да

**Рефлексиялық – түзетушілік**

Затты және құбылысты суреттеме бойынша танып, шығармашылық ойлауды және қорытындылауды және есте сақтау бойынша сурет салуды меңгерді.

Балалардың есте сақтауын, тапқырлығын, зеректігін дамып, білімпаздықты және жаңаны тануға деген қызығушылықтары оянды.

**Тақырыбы:** «Мен зерекпін ба?» ойындық жаттығуы

**Бағдарламалық мазмұны:**

**Үйретушілік:** Өлеңдерде ерекше құбылыстарды көруді, заттардың әр түрлі және бірдей қасиеттерін анықтап, өз жұмысының уақыттық кезеңін көруді, бір немесе басқа түсініктерге анықтама беруді, зейінді болуды үйрету.

**Дамытушылық:** Баланың есте сақтауын, ойлау логикасын, ой өрісін дамыту.

**Тәрбиелік:** Тапқырлықты және зеректілікті тәрбиелеу.

**Мотивациялық- қозғаушылық**

Жылулық шеңбер «Табиғатқа құштарлық»

Армысың, асыл күн!

Армысың, көк аспан!

Армысың, жер - ана!

Армысың, кең дала!

Жылуыма жылу қос,

Міне, менің қос қолым!

**Ұйымдастыру – іздестіру**

1. «Жаңылтпаш-өлеңді қайтала» ойындық жаттығу.

2. «Санамақты жатта» ойындық жаттығу.

3. «Сұраққа жауап бер» ойындық жаттығу.

4. «Заттарды бір сөзбен ата» ойындық жаттығу.

5. «2 бірдей затты тап» ойындық жаттығу.

6. «Геометриялық фигура қанша?» ойындық жаттығу.

Сергіту сәті:

Ал балалар келіңдер

Орнымыздан тұрайық

Оң қолымда бес саусақ,

Сол қолымда бес саусақ

Қосып едім екеуін,

Болып шықты он саусақ.

Топ-топ басайық

Бір отырып, бір тұрып

Біз жаттығу жасайық.

**Рефлексиялық – түзетушілік**

Балалар жаңылтпаш-өлеңдерді қайталап айта алады. Заттарды әр түрлі немесе бірдей қасиеттерін байқап, зейіндерін кеңейіп, логикалық ойлау қабілеттерін арттырды.

**Тақырыбы: «Ойлан, тап»**

**Бағдарламалық мазмұны:**

**Үйретушілік:** Жұмбақтарды күрделілігіне және ұқсастығына байланысты ойланып табуға үйрету.

**Дамытушылық:** Есте сақтауын, қабылдауын, жұмбақты шешкен кезде логикалық шешім табуды дамыту.

**Тәрбиелік:** Көп қызықты білуге талапты тәрбиелеу.

**Мотивациялық- қозғаушылық**

Жылулық шеңбер «Табиғатқа алғыс»

Табиғат біздің анамыз

Бағалап оны қадірлеп

Аялайтын боламыз

Үйреніп оны сыйлауға

Барымызды саламыз

Арайлап таң атты

Алтын сәуле таратты

Жарқырады қаламыз

Жайнай түсті даламыз

Қайырлы таң достарым!

**Ұйымдастыру – іздестіру**

1. «Жұмбақтарды шеш» ойындық жаттығу.

2. «Бірдей затты тап» ойындық жаттығу.

3. «Өтірік» ойындық жаттығу.

4. «Ұқсамайтын сағаттарды тап» ойындық жаттығу.

5. «Не артық?» ойындық жаттығу.

6. «Артық - кем» ойындық жаттығу.

7. «Сөйлемді жалғастыр» ойындық жаттығу.

Сергіту сәті:

Таң әлі атқан жоқ

Маңай әлі қараңғы.

Әтеш ерте оянып,

Жан- жағына қарады.

Шынықтырып денені,

Қанаттарын қағады.

Ку- ка- ре- ку, тұр- тұрлап,

Оятады баланы.

**Рефлексиялық – түзетушілік**

Жұмбақтарды күрделілігі және ұқсастығына байланысты шешуді біледі.

Логикалық шешім табуға дағдыланды. Тез ойланып, жылдам жауап беруге дағдыланды.

**Тақырыбы: «Мен тапқырмын»**

**Бағдарламалық мазмұны:**

**Үйретушілік:** Тосыннан берілген тапсырмаларға жылдам ойланып жауап таба алу шеберліктерін үйрету. Жыл бойы үйренгендерін өз бетімен қорытындылап ойын дұрыс жеткізе алуға жаттықтыру.

**Дамытушылық:** Есте сақтау, зейінділік, шығармашылық, логикалық ойлау, тапқырлық қабылеттерін дамыту.

**Тәрбиелік:** Ынтаны, ұқыптылықты, жігерлікті тәрбиелеу.

**Мотивациялық- қозғаушылық**

Жылулық шеңбер «Күлімдейді ақ анам»

Нұрға толы бар аймақ

Күн шыққанда арайлап,

Ұйқымыздан тұрғанда,

Күлімдейді ақ анам:

«Қайырлы таң, ботам!» - деп

-Қайырлы таң, балалар!

**Ұйымдастыру – іздестіру**

1. Жыл мезгілі туралы сұқбат.

2. Өлең жаттау.

3. «Не болады?» ойындық жаттығу.

4. «Затты берілген белгілер бойынша таны» ойындық жаттығу.

5. «Айырмашылығын тап» ойыны.

6. «Бірдей затты тап» ойыны.

Сергіту сәті:

Біз кішкентай баламыз,

Өсіп-өніп толамыз,

Көкке қарап, талшынып,

Күнге қолды созамыз.

Қанат қағып ұшамыз,

Қарлығаштай қалықтап,

Бір отырып, бір тұрып,

Бір тынығып алайық.

**Рефлексиялық – түзетушілік**

Балалар тосыннан берілген тапсырмаларды жылдам ойланып таба алады. Жыл бойы үйренгендерін өз беттерімен қортындылауды біледі. Өздерінің ойларын, логикалық тапқырлықтарын еркін жеткізуді меңгерді.

**Тақырыбы:** «Логикалық тапсырмалар»

**Бағдарламалық мазмұны:**

**Үйретушілік:** Жекелеген тәжірибелерге сүйене отырып логикалық сұрақтарға ауызша жауап беріп, сурет салу арқылы логикалық тапсырмаларды шеше алуға үйрету.

**Дамытушылық:** Есте сақтау, кеңістікте бағдарлау, тапқырлық, ойлау қабілеттерін және қолдың ұсақ моторикасын дамыту.

**Тәрбиелік:** Жолдастарына көмек беру, бір-бірінің жетістіктеріне қуаныш сезімдерін тәрбиелеу.

**Мотивациялық- қозғаушылық**

Жылулық шеңбер «**Табиғат – қандай тамаша!**»

Табиғатым тамаша

Көз тоймайды қараса.

Табиғатты аялап,

Жүрейікші жараса.

Сәлем саған Жер ана!

Сәлем саған нұрлы күн!

Аман – есен болайық

Табиғатты қорғайық.

**Ұйымдастыру – іздестіру**

1. «Менен кейін қайтала» ойындық жаттығу.

2. «Суреттеме бойынша тап» ойыны.

3. «Несімен ұқсайды?» ойындық жаттығу.

4. «Суретті жалғастыр» ойындық жаттығу.

5. «Суретші нені салуды ұмытып кетті?» ойындық жаттығу.

6. «Суреттеме бойынша тап» ойындық жаттығу.

7. «Не артық?» ойындық жаттығу.

Сергіту сәті:

Ал, балалар тұрайық,

Алақанды ұрайық.

Бір отырып, бір тұрып,

Біз демалып алайық.

Оңға, оңға түзу тұр,

Солға, солға түзу тұр

Алға қарай бір адым,

Артқа қарай бір адым.

Жоғары төмен қарайық

Орнымызды табайық.

**Рефлексиялық – түзетушілік**

Жекелеген тәжірибелерге сүйене отырып логикалық сұрақтарға ауызша жауап беріп, сурет салу арқылы логикалық тапсырмаларды шешеді.

**Вариативтік компонентінің ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің күнтізбелік-тақырыптық жоспары.**

**Білім беру саласы: «Таным»**

**Тарау: «Қызықты математика»**

<b>Р\с</b>	<b>Айы</b>	<b>Тақырыбы</b>	<b>Сағат саны</b>	<b>Апта күні</b>
1	Қыркүйек	«Бірдей затты тап»	1	
2		«Белгісінен таны»	1	
3		«Қасиетін анықта»	1	
4		«Уақытты бағдарлау»	1	
5	Қазан	«Шешімін тап»	1	
6		«Не артық?»	1	
7		«Шешімін тап» ойындық жаттығуы	1	
8		«Домалақ формадағы затты ата» ойындық жаттығуы	1	
9	Қараша	«Есте сақта»	1	
10		«Сурет қандай геометриялық фигурадан тұрады»	1	
11		«Сұрақ-жауап»	1	
12		«Заттарды бір сөзбен ата»	1	
13	Желтоқсан	«Санамақты жатта»	1	
14		«Ойлан да жауап бер»	1	
15		«Есте сақта»	1	
16		«Суреттеме бойынша затты тап»	1	
17	Қаңтар	«Қара да суретін сал»	1	
18		«Жаңылтпаштар» ойындық жаттығуы	1	
19		«Суреттеме бойынша тап»	1	
20		«Суретті жалғастыр»	1	
21	Ақпан	«Жалғастыр да ата»	1	
22		«Жалғастыр да ата»	1	
23		«Қайтала да есіңе сақта»	1	
24		«Қара да суретін сал»	1	
25	Наурыз	«Несінен танимыз»	1	
26		«Жұмбақтарды шеш»	1	
27		«Әңгімелеп бер»	1	
28		«Санап бер»	1	
29	Сәуір	«Қасиеттерін анықта»	1	

<b>30</b>		«Суретті жалғастыр»	1	
<b>31</b>		«Есімдерді ата»	1	
<b>32</b>		«Қара да суретін сал»	1	
<b>33</b>	Мамыр	«Мен зерекпін ба?» ойындық жаттығуы	1	
<b>34</b>		«Ойлан, тап»	1	
<b>35</b>		«Мен тапқырмын»	1	
<b>36</b>		«Логикалық тапсырмалар»	1	
	<b>Барлығы</b>		<b>36</b>	